## "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 134-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін;

2) екі ай мерзімде "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 5 мамырдағы
N 134 өкімімен
бекітілген

## "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Орындалу мерзімі | Орындауына жауапты мемлекеттік орган |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Қазақстан Республикасы Ауыл | 2004 жылғы | АШМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды белгілеу бөлігінде толықтырулар енгізу туралы | 15 маусымға дейін | |
| 2 | Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бюджет қаражатын басқару жөніндегі агентті анықтау және агент көрсеткен қызметтерге бюджет қаражатынан ақы төлеудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы | 2004 жылғы 30 шілдеге дейін | АШМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ҚҚА (келісім бойынша) |
| 3 | Арнайы есеп-шоттағы ақшаны пайдалану тәртібі, сондай-ақ уақытша бос қаражатты депозитке орналастыру рәсімі туралы | 2004 жылғы 30 шілдеге дейін | АШМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ҚҚА (келісім бойынша) |
| 4 | Агенттің сақтандырушыға сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін бюджет қаражатынан өтеуінің тәртібі туралы | 2004 жылғы 30 шілдеге дейін | АШМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ҚҚА (келісім бойынша) |
| 5 | Агент пен сақтандырушының арасында жасасқан сақтандыру төлемдерін ішінара өтеудің тәртібі мен шарттарының үлгілі нысанын бекіту туралы | 2004 жылғы 30 шілдеге дейін | АШМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ҚҚА (келісім бойынша) |
| 6 | Өсімдік шаруашылығындағы өнімдердің түрлері бойынша көлем бірлігіне шығындардың нормативтерін бекіту туралы | Жыл сайын 30 шілдеге дейін | АШМ |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК